ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru | университет студенттерінің үні | №15(479) 3 желтоқсан 2019 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### НЕЖМЕТТИН БІЛӘЛ ЕРДОҒАН УНИВЕРСИТЕТТЕ ҚОНАҚТА БОЛДЫ

**Қарашаның 29 жұлдызында Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоғанның ұлы Нежметтин Білəл Ердоған оқу ордамызда қонақ болды.**

2 Бетте

### ҰТҚЫРЛЫҚТАН ҰТАРЫМЫЗ КӨП

Біз, осы бағдарлама аясында Атырау қаласындағы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінен Қожа Ахмет Яасауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университетіне журналистика мамандығы бойынша оқып, тəжірибе алмасуға келдік.

3 Бетте

### ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ, ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ һӘМ ТҮРКІСТАН

**Мемлекет тізгінін қиынқыстау кезеңде қолға алған Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев елінің жарқын болашағын басты мұрат етіп, атқарған ерен еңбегі мен дұрыс жүргізген сындарлы саясатының арқасында тəуелсіз қазақ елі алға қадам басты.**

4 Бетте

### ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЗДІК ЖОО-НЫҢ РЕЙТИНГІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Тəуелсіз ShanghaiRanking Consultancy ұйымы əлемдегі ең үздік жоғары оқу орындарының рейтингін жариялады. Оған ондаған елдің университеттері мен институттары кірген. Біз соның ішінен ең үздік 10 оқу орнын атап көрсетпекпіз. Рейтинг жасалған кезде түрлі пəндер бойынша оқыту сапасы, профессорлық-оқытушылық құрам мен оқу орнын бітірген студенттердің жетістігі (Нобель жəне Филдс сыйлығының лауреаттары), білікті зерттеушілердің, Science жəне Nature ғылыми журналдарында мақалалардың болуы маңызды.

8 Бетте

# ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ

**Университетімізде 1-желтоқсан Тұңғыш Президент күніне арналған конференция болып өтті. Конференцияның мақсаты – Елбасымыздың елімізді дамытудағы еңбегі мен мемлекет болып қалыптасудағы рөлін айшықтау. Елбасымыздың тəуелсіз еліміздің өркендеуі жолындағы еңбектерін одан ары қарай дамыту. Конференцияға облысымыздың зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, оқу ордамыздың ғалымдары мен БАҚ өкілдері қатысты.**

Жиынды облыс əкімінің орынбасары Сəкен Қалқаманов Елбасымыздың тəуелсіздік жылдарындағы еңбегі жөнінде кеңінен таныстырды. Түркістан облыс орталығы болғандықтан Елбасы сенімін ақтап, рухани орда ету мақсаты тұрғандығын атап өтті. Қазақстанды өркендету жолында Н.Назарбаевтың жоспарларын одан ары қарай жалғастыру міндеттеріне тоқталды.

**Елбасының курстасы Əсетулла Каримов:**

«Осыдан 61 жыл бұрын «Лениншіл жас» газетіне үндеу шыққан болатын. Ол кезде Қарағанды облысы Теміртау қаласында металлургия зауыты салына бастаған еді. Соған жергілікті қазақ жастарынан мамандар дайындау керек болатын. Үндеуде барам деген жастар болса, əркім өз облыстарындағы Комсомол комитеттеріне барып, сол жаққа оқуға жолдама алатындығын хабарлаған еді. Днепродзержинскі қаласына техникалық училищеге оқуға түсіп, кейін Теміртауға жұмысқа бардық. Сол зауыттың негізін қалауға жұмыс істедік. Сонда Нұрекеңнің алғырлығы мен көпшілікпен сөйлесуі, қарапайымдылығы, іскерлігіне тəнті болатын едік. 30 жыл ел басқарғандағы жасаған еңбектері орасан зор. Нұрекеңнің арқасында Қазақстанды əлем таныды», — деді.

**Халықаралық Алаш сыйлығының иегері, жазушы Мархабат Байғұт:**

«Біздің Тұңғыш президентіміз, Елбасы Н.Назарбаев бүкіл əлем мойындаған жаңашыл, бастамашыл, батыл президент ретінде танылған тұлға. Қазақстанды əлемге танытты. Түркі дүниесінің ақсақалы, көшбасшысы. Түркі Кеңесінің құрметті төрағасы. Тарих толқынында еліміздің даму жолындағы еңбегі орасан деп айтуымызға болады. Еліміздің болашағын анық, айқын нақтылаған тұлға. Президентіміз мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Сабақтастық, өрлеу, əділдік» деп Елбасымыздың жолын жал-ғастырып, мəңгілік ел болуды мақсат тұтады», — деді.




Басқосуға жиналғандар Қазақстанның халықаралық аренада ойып тұрып орын алуына Елбасымыз Н.Назарбаевтың өлшеусіз үлес қосқандығын атап, бүкіл əлем Қазақ елін танып, бастамаларына қолдау білдіріп жатқандығын айтты.

# ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ЛЕКЦИЯ-КОНФЕРЕНЦИЯ

**1 желтоқсан — Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні. 1991 жылғы 1 желтоқсанда бүкілхалықтық сайлау нəтижесінде еліміз өзінің Тұңғыш Президентін сайлады жəне осы күннен тəуелсіздік тарихы басталды. Елімізде 2011 жылдан бері Тұңғыш Президент күні аталып келеді. Айтулы мереке күніне орай, бүгін облысымыздың зиялы қауымы мен жергілікті билік өкілдері оқу ордамызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Əбішұлы Назарбаевтың мемлекет алдындағы жетістіктерін тану мақсатында студенттерге арнайы дəріс өтті. Лекциялар бір мезгілде бес секцияда оқылды. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мəуленқұлов, Түркістан қаласының əкімі Рашид Аюпов, университетіміздің ғалым-ұстаздары Сейдулла Садықов, Тəліб Жұманов Елбасының ерен еңбектері мен еліміздің бүгінгі жеткен жетістіктерін жастарға айта отырып, құнды деректермен бөлісті. Бұл мерекенің маңызы мен мəніне тоқталды.**

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мəуленқұлов студенттерге Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың ғасырға татырлық істері мен Қазақстанның мəртебесін төрткүл дүниеге таныту үшін жасаған ерен еңбектері жөнінде кеңінен əңгімеледі. Келешекті білу үшін тарихымызды тану қажеттігіне назар аударды. Тəуелсіздік жылдарында қоғамның бір формациядан екінші формацияға өту барысындағы Елбасымыздың көрегенділігінің арқасында маңызды шешімдер қабылдауы ұтымды жағдай болғандығын айтып өтті. Тəуелсіздігіміздің осы уақытқа дейінгі бағындырған белестері , алдағы уақытта жастардың арқасында алар асуларымыздың одан да көп екендігін түсіндірді. Бүгінде еліміз дамудың даңғылына түсе отырып, əлемнің дамыған 30 елінің қатарынан ойып тұрып орын алуға ұмтылған еді. Бұл белестің де, одан да зор асулардың да бағындырылатындығы сөзсіз. Оған Елбасымыздың бастамасымен қабылданған «Қазақстан-2050» стратегиясы, «Нұрлы жол» бағдарламасы, «100 нақты қадам» ұлт жоспары өз септігін тигізері анық. Лекция барысында студенттерге білім де тəрбиелі болуға шақырды. Болашақ жастардың қолында екендігін жан-жақты түсіндірді.

Түркістан қаласының əкімі Рашид Аюпов оқу ордамыздың студенттерімен Тұңғыш Президентіміздің елімізді дамыту жолындағы еңбектерімен таныстыра отырып, Түркістан қаласының облыс орталығы болуының маңызы мен алдағы атқарылар шараларда жастардың үлесін атап өтті. Жастарды қаламыздың дамуына үлес қосуға шақырды жəне жəне жастар жылына орай жасалатын жобалармен таныстырды.

Туризм саласынының дамуына ат салысып, ресторан жəне қонақ үй жүйесін əлемдік деңгейге көтеру мақсатында жобаларын ұсынуды тапсырды. Ғылым бар жерде даму бар демекші, осы университетпен бірігіп облысқа қажетті кадрларді дайындап, көптеген жобалар жасалу керектігін де назардан тыс қалдырмады.

Бүгінгі өткен арнайы дəрістердің соңында студенттер түрлі сұрақтар қойып, жауаптар алды.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

# НЕЖМЕТТИН БІЛӘЛ ЕРДОҒАН УНИВЕРСИТЕТТЕ ҚОНАҚТА БОЛДЫ

**Қарашаның 29 жұлдызында Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоғанның ұлы Нежметтин Біләл Ердоған оқу ордамызда қонақ болды. Қазақстанға келген сапарында Сарыағаш қаласындағы 10 мың орындық сәулетті, ерекше мешіттің ашылуына қатысқан түркиялық мейман бүгінде барша түркітектес жұртының балалары білім алып жүрген оқу ордамыздың да шақыртуын қабыл алған.**



Одан өзге, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Мейіржан Иябайұлы, елімізге белгілі қоғам қайраткері, Парламент депутаты Бекболат Тілеухан, «Асыл арна» телеарнасының директоры Мұхамеджан Тазабек, Түркия Республикасының бірқатар мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдары кеш қонақтары болды.

Тұңғыш Президент күні мерекесінің қарсаңында Түркістанға ат басын бұрған түркиялық қонақтар алдымен Қ.А. Ясауи кесенесіне барып, зиярат еткен соң оқу ордамыздың Мәдениет орталығында орналасқан мұражайда болды. Ондағы құнды әшекей бұйымдар мен тарих беттерімен танысты. Оған қоса қадірлі қонақ жылы тілектерін лебіз кітабына қалам іздерімен қалдырды.

Қадірлі меймандарға арналған кеш оқу ордамыздың Мәдениет өнерпаздары мен дарынды студенттерінің ұйымдастыруымен өткен концерттік бағдарламамен жалғасты.

Түркия президентінің ұлы Біләл Ердоған:

– Біз соңғы үш күн ішінде Душанбе, Ашхабад, Ташкент қалаларында болдық. Енді міне бүгін Түркістанға қонаққа келіп отырмыз. Өздеріңіз еңбек етуді, ғылым мен ізденістегі құштарлықтың қиын әрі жемісті екенін білесіздер. Бұл университет ұлы ғұлама Ясауидің атында болғандықтан сіздерге үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Қожа Ахмет Ясауи тек қана Орта Азия емес Анадолы топырағында өмір сүретін халықтарға өзінің ілімін ғылымын жеткізген ұлы ұстаз. Мен сіздерге де сол ұлы ұстаздың шәкірттері ретінде қараймын. Құрметті жастар, бұл жерде алатын білімдеріңіз, маман иесі атануларыңыз, сіздердің негізгі міндеттеріңіз. Мұны Ясауидің ілімінен де, оның өзінің өмірінен де нақты көруге болады. Бұл қасиетті білім ордасының ректоры мен ректор өкіліне және баршаларыңызға Түркия елі атынан сәттілік тілеймін, — деді ол.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ -дың ректоры Болатбек Абдрасилов:

–1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай елімізде түрлі іс-шаралар өтуде. Бүгін біздің университетімізде де үлкен мерекелік жиындар болып өтті. Осындай мерекенің қарсаңында оқу ордамызға бауырлас ел Түркиядан құтты қонақ келді. Ол — Түркия Республикасының құрметті азаматы, Президент Режеп Тайып Ердоған мырзаның ұлы Біләл Ердоған. Сонымен қоса, Түркия елінің қоғам қайраткерлері, құрметке ие ұстаздары, ғалымдары оқу ордамызға табан тіреді. Мұндай қадірлі қонақтардың бізге қонақ болуы біз үшін үлкен мәртебе, — деді.

Келесі кезекте сөз алған университетіміздің I вице-президенті Женгиз Томар:

– Сіздердің біздің қонағымыз болуларыңыз біз үшін ерекше қуаныш және мақтаныш, өйткені біздің университет түркі әлемі бірлігінің символы. Ахмет Ясауи бабамыздың мың жыл бұрын дәріптеген төзімділік философиясы бүгін де біздің студенттеріміздің әрекетіне айналуда және біз түркі әлемінің жастарына осы рухты төрт тілде үйретуге тырысамыз. Сіздер соны тамашалауға келгендеріңіз үшін мен барлық студенттердің, университет ұжымы атынан алғыс айтамын – деген, ыстық лебізін білдірді.

Кеш концерттік бағдарламаға ұласып, сахна төрінде университеттің студенттері түрлі ұлттардың билерін билеп, бауырлас елдердің құрметіне арналған «Достық» әнін шырқады.

Қонақтардың құрметіне арналған кеште қазақтың қонақжайлық салтына сәйкес, шапан жабылып, сый-сияпат көрсетілді.

## ЖАС ЖУРНАЛИСТЕР – СПАРТАКИАДАДА!

Шымкент қаласында «1 желтоқсан — Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне» арналған Байланыс және ақпарат қызметкерлері арасында спартакиада өтті. Спорттық бәсекеге 12 бұқаралық ақпарат құралдары командаларымен қатар биыл бірінші рет Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Журналистика бөлімінің командасы да мини-футбол және волейбол ойындары бойынша қатысты. Тартысты өткен бәсекеде журналист-студенттер командасы шебер ойын өрнегін көрсетіп, «Ең белсенді команда» және «Ең мерген ойыншы» номинацияларымен марапатталды.

## БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

24.kz. Jas Otan сыбайлас жемқорлық бойынша көзге түскен жоғары оқу орындарының рейтингін жасады, деп хабарлайды Елорда Инфо. Nur Otan партиясының Орталық аппаратында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің отырысы болып, онда «Таза сессия» жалпыхалықтық акциясының аралық нәтижелері талқыланды. Сауалнама негізінде студенттер жемқорлық фактілері орын алады деп көрсеткен бес ЖОО рейтингі жасалды:

1. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті;
2. Атырау мұнай газ университеті;
3. Қарағанды мемлекеттік медициналық университеті;
4. М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық университеті;
5. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті.

***

24.kz.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Facebook-тегі парақшасында жоғары оқу орындарына қойылатын біліктілік талаптарының да күшейтіліп жатқанына тоқталды. «Әсіресе лицензияларында педагогтерді даярлауға арналған қосымшалары бар жоғары оқу орындарына қосымша талаптар дайындауда. Олардың саны – 85». Алайда олардың сапасы сын көтермейтіндіктен, қойылатын талаптарды күшейту арқылы мұғалімдерді даярлайтын ЖОО санын 85-тен 20-25-ке дейін қысқарту жоспарланып отыр. Олар басқа бағыттар бойынша мамандар даярлай береді, ал педагогика бойынша лицензиялары қайтарылып алынуы мүмкін. Шамамен алғанда, әр аймақта мұғалімдерді даярлайтын 1 мықты ЖОО және Алматыда бірнеше оқу орны болмақ», - деп жазды министр.

***

24.kz.

Мұғалімді заңсыз жұмысқа тартқандарға 120 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салынады. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысында белгілі болды. Көптен бері пікірталасқа түсіп келген «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасы ақыры парламентке жетті. Оның аясында ұстаздарды артық жұмысқа тартуға, шамадан тыс есеп беруге және негізсіз тексерулер жүргізуге тыйым салынған. «Әртүрлі құқық бұзушылыққа байланысты 20-дан 120 АЕК-ке дейін айыппұл көзделген» деді Білім және ғылым министрі.

***

24.kz.

234 үміткер «Болашақ» стипендиясының иегері атанды

Олар магистратура мен доктарантурада білім алады, деп хабарлайды «Хабар 24». Сондай-ақ әлемнің жетекші ғылыми және өндірістік ұйымдарына тағылымдамаға жіберіледі. Стипендия иегерлерінің басым бөлігі Ұлыбританияда оқитын болады. Айта кетейік, бағдарлама жүзеге асырылғалы еліміз бойынша 11 мыңға жуық маман дайындалған. 2020 жылдан бастап жаңа тәсілдер енгізілмек. Ол конкурстық іріктеуді жүргізу тетіктерін жетілдіруді және автоматтандыруды, оның кезеңдерін қысқартуды, шетелде кадрлар даярлау жөніндегі комиссияның жұмысын оңтайландыруды көздейді.

* * *

24.kz. Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі Фоман де Лакруз Атырауда жұмыс істеген аз жылда әріптестері мен оқушылар арасында үлкен беделге ие болған ұстаз. Математика пәнінің маманы қазақ тілінде амандасып, керек болса, нақышына келтіріп ән де орындап береді. Шетел азаматының қазақ тілі мен өнеріне деген құштарлығы ұжым алдындағы абыройын асқақтатқан, деп хабарлайды «Хабар 24». Бүгінде филипиндік мұғалімнің орындауында 20-ға тарта қазақ әні бар.

* * *

24.kz. Қызылордадағы Әбдіқожаевтар отбасында 17 жан ғұмырын ағартушылық жолына арнапты. Ұрпақ тәрбиесін өмірлік ізгі мамандығы ретінде таныған мұғалімдер династиясының жалпы еңбек өтілі 221 жыл.

* * *

24.kz. Әлеуметтік және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ерекшеленген еліміздің 80 студенті Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының стипендиясына ие болды, деп хабарлайды «Хабар 24». Аталған республикалық байқау биыл 9-шы рет өтіп отыр. Байқау екі турдан тұрады. Біріншісі, оқу орнында өткізілсе, шешуші кезеңде Қор,.. Жоғары оқу орындары ұсынған студенттер арасынан үздіктерді анықтайды. Биыл өткізілген конкурсқа 350-ден астам студент қатысып, оның 80-і жеңімпаз деп табылған. Жобаның негізгі мақсаты – белсенді жастарды қолдау. Жеңімпаз студенттер шәкіртақыны бір жыл алады.

* * *

24.kz. Түркияда 150 мыңға жуық шет ел студенттері білім алады. Олардың 17 мыңнан астамы «Түркия стипендиясы» бағдарламасы бойынша оқиды, деп хабарлайды «Хабар 24». Бұл туралы шетелдік түріктер және туыстас халықтар басқармасының басшысы Абдуллах Эрен хабарлайды. Оның айтуынша, түрік үкіметі шетелдік студенттердің санын республиканың 100 жылдығына орай 200 мыңға шығарып, 20 мыңнан астамына грант бермекші.

* * *

24.kz. Қазақстан мен Украинаның білім және ғылым министрлігі арасындағы ынтымақтастық аясында екі ел студент алмасып отырады, деп хабарлайды «Хабар 24». Білім саласындағы меморандум негізінде Украина жыл сайын Қазақстан азаматтары үшін 40 орындық мемлекеттік грант бөледі. Қазақстанның жастарын мұнай және газ, инженерлік сала, халықаралық қатынастар және компьютерлік білім қызықтырады.

# КӨЛІКТІҢ ИЕСІ АТАНАМ ДЕП КҮПІ КИІП ҚАЛМАҢЫЗ



Телефон мен интернет қолданысқа енгелі адам өмірін күрт өзгертті. Шалғай аймақтан шұғыл хабар жеткізіп, лезде байланыстыратын заманауи мүмкіндіктер айнымас серігімізге айналуда. Тіпті, сәл ертеде газет-журналдарда ойнатылатын конкурстар мен теледидардағы лотореяларды да телефон мен интернет арқылы ойнатып жүргендер де бар.

Еңбектің наны тәтті. Әйткенмен, тер төкпей-ақ бағымыз жанып, сайыстардан бас бәйгені алуды қалайтынымыз тағы бар. Қазір телефон нөмірімізге хабарласып, «сіз мынадай ұтысқа ие болдыңыз» дейтіндер мен ғаламторда конкурс ұйымдастырғыштартың саны күн санап артып келеді. Алғашқыларына сену қиын әрине, ал әлеуметтік желіде жарияланатын байқаулардың жартысы шынайы болса, қалғаны карапайым қолданушылардан ақша жымқырып жүргендердің ісі.

Соңғы уақыттары телефонымызға беймәлім нөмір хабарласып, белгісіз конкурста қолданып жүрген нөміріміздің жеңімпаз атанғанын баяндаушылар көбеюде. Бірақ, өздері туралы мәлімет беруден бас тартады. Конкурс шарты бойынша жүлдеңізді алу үшін алдын-ала белгілі көлемдегі қаржыны аудару керектігін айтады. Соңында қаржыны қалтаға басқан «ақжолтай» хабарды жеткізуші жан ізім-ғайым жоқ болады. Дәл осыған ұқсас жағдай Бауыржан есімді кейіпкеріміздің басынан өткен. Бауыржан Нұржанұлының баяндауынша, белгісіз нөмірмен хабарласқан азамат, оған Алматыдағы фирманың ұйымдастырған конкурсынан үйге арналған кинотеатр ұтқанын айтқан. Оны алу үшін алдын-ала 3000 теңге көлемінде ақшаны өз шотына аударғызған. Арада жарты сағат өткен соң «BMW» маркалы автокөлігін ұтқандығын айтып, Бауыржанның басын шыр айналдырып, ақырында айтқанына сендіреді. Белгісіздің дегеніне иланған Бауыржан көлікті алу үшін бұл жолы 52 500 теңге көлемінде қаржы аударады. «Көлігіңіз 17:30-да Шымкентке жетеді» дегенді естігенде кейіпкеріміздің қуанышында шек болмаған. Дегенмен, Бауыржан қанша күтсе де қайта хабар келмеді. Осылайша көлік күткен жанұяның қуанышы су сепкендей басылып, сан соқты.

Жоғарыдағы жалған байқаулардан бөлек, Instagram әлеуметтік желісінде де конкурстар көп өткізілуде. Әйткенмен, бұлардың көпшілігі шынайы түрде жүзеге асады. Өйткені, бұл байқауларды ұйымдастырушылар қатарына танымал әншілер, белгілі блоггерлер, вайнерлер жатады. Жақында ғана көпшілікке NNN лақап атымен танылған вайнер Нұрдәулет Бектұрсын (@nnnurdaulet) оқырмандары арасында конкурс ұйымдастырған болатын. Бәйгенің бас жүлдесі BMW маркалы автокөлігі. Байқау нәтижесінде Тұрар Ермахан есімді жігіт жеңімпаз атанып, көліктің кілті тікелей эфирде табысталды.

Лотереядан жеңімпаз атанып, бір сәтте байлар қатарына қосылғандар жайында факт өте көп. Сондықтан да болар, қомақты қаржы, қымбат дүниелер ұтысқа тігілетін конкурсқа қатысушылардың саны да өрши түскен. Қатыспастан бұрын конкурстың шынайылығына әбден көз жеткізіп алған жөн. Егер белгілі жұлдыздар, танымал блоггерлердің ұйымдастыруымен өтіп жатса сенуге тұрарлықтай. Бастысы, конкурс ұтысына ие боламын деп, қалта түбін қағып қалмаңыздар!

**Бақдаулет АНАРБАЙ,**
**ХҚТУ-нің 3-курс студенті**

# ЗУЫЛДАҒАН УАҚЫТ-АЙ

Таң атады, күн батады. Зымырап өтіп жатқан уақыт. Тек маған солай ма, әлде уақыт шынымен де қысқарып барады ма деген оймен зерттеп көрген едім... .



- Орыс ойшылы Алексей Федорович Лосев уақыттың тұрақсыздық қасиеті туралы айтқан екен. Оның пікірінше, уақыт тұрақсыз, біртектес емес, шартты және салыстырмалы түрде кеңейіп, тарыла алады. 1914 жылдан бастап оның тығыздалуы басталыпты және уақыт тезірек ағыла басталған.

- Ғалымдардың есебі бойынша, ғарыш кемесі ғарышқа жарық жылдамдығының 99,99% -ына тең жылдамдықпен ұшқанда, кеме 14 жылдан кейін планетаға қайта оралады. Жерде, осы кезеңде, бір мыңжылдық өтеді екен. Бұл объектінің жылдамдығының артуымен уақыт ағымының баяулауы орын алатындығына байланысты орын алатын көрінеді.

- 1962 жылдың 17 шілдесінде әйгілі спелеолог Мишель Сейфорд жалғыз өзі Скарасон үңгіріне түстеді. Ол тура екі айдан кейін үңгірден шығады. Оның есебінше күнтізбе бойынша 20 тамыз болуы керек еді. Алайда жер бетіндегі күнтізбе 14 қыркүйекті көрсетіп тұрған. Осылайша, тәжірибешіге арналған жерасты уақыты 25 күнге баяулады. Осының өзінен жер үстіндегі уақыт тез өтіп жатқанын дәлелдеген.

- Физик Альберт Виктор Вейнник қызықты түсінік береді. Ол физикалық құбылыс ретінде материалды тасымалдаушы болуы мүмкін деген болжам жасады. Бұл «созылмалы өріс» деп аталған заттың бір түрі. Оның айтуынша, Жер картаюда, ондағы процестердің қарқындылығы баяулайды, сондықтан уақыттың нақты ағымы үдей бастады. Алайда, планетада бұл процесс баяу жүретін аймақтар болуы мүмкін, мысалы, Сахалинде. Сонымен, аралдан басқа жерге трансплантациялауға тырысқан өсімдіктер жерсінбейді.

Ал сонымен жер үстінде тәулік 24 сағат болмай тұр ғой. Сонда қанша сағат екен,а? Адамның түйсігі алдамайды деген рас екен. Өткен ғасырдың басында-ақ уақыттың өзгеріп жатқанын ғалымдар зерттей басатапты.

# ҰТҚЫРЛЫҚТАН ҰТАРЫМЫЗ КӨП

Академиялық ұтқырлық – студенттің белгілі бір мерзімге дейін оқуы үшін, тәжірибе алмасуы үшін өз еліндегі немесе өзге елдегі, қаладағы оқу орнына ауысуы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі еліміздегі жоғары оқу орындарында білім алушылардың академиялық ұтқырлықпен оқуына аса мән беріп отыр. Оқу арқылы басқа қаланы көруге, сол жердің тарихымен, мәдениетімен танысуға мүмкіндік көп.

Біз, осы бағдарлама аясында Атырау қаласындағы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университетіне журналистика мамандығы бойынша оқып, тәжірибе алмасуға келдік. Бұл жақтағы оқытушылар мен студенттер бізді жақсы қарсы алды. Жат ортада жатсынбай, аз уақытта араласып кеттік. Қыздар жатақханасынан орын алып, жанымыздағы қыздармен де тез тіл табыстық. Студенттерге жасалған игі іс арқасында түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан облысымен әлі де танысып жатырмыз. Шаһардың халқы қонақжай әрі қазақилықты сақтағанын бірден аңғаруға болады. Киелі мекеннің облыс атағын алуы – еліміздің өркендеуіне үлес қосып жатыр.

Бұл оқу орнына келгендегі мақсатымыз білім алмасу болса, осында алған тәжірибеміз бен біліміміз болашақта мамандығымыздың майталманы болуға септігін тигізеді деп ойлаймыз.

**Талшын ҚУАНДЫҚОВА**
**Журналистика мамандығының 3 – курс студенті**

# ҚЫЗДЫ ТӨРГЕ ШЫҒАРУ

Кейбір қыздарымыз бар «төрге шық» десең, « болды осында отыра беремін» дейді. Ал мұның астарына үңіліп көрейік.

Нұх пайғамбардың Хам, Сам, Жаппас деген үш ұлы және Уәсила деген қызы болыпты. Пайғамбар үнемі қызына құрмет көрсетіп, оған мүлде дауыс көтермейді екен. Қызы да әкенің қалауын қабағынан түсінетін сұңғыла болып өседі.

Нұх дастархан басында отырғанда үнемі қызын үш ұлынан жоғары, төрге отырғызады екен. Бұл үлкен ұлы Самның көңіліне күдік салыпты. «Уәсиланың жасы бізден кіші. Неге менен жоғары отыруы керек. Әкеміз бізді алалайды-ау» деп ойлайды. Бір күні дастарханда отырғанда:

– Әке, Уәсила кіші болса да, неге бізден жоғары отыруы керек? Ұлдың мәртебесі әрқашан биік емес пе? – дейді.

Нұх:

– Біздің ырзық-несібеміздің көп болуы Уәсилаға байланысты. Құт қызды жағалап жүреді. Оны босағаға отырғызсаң, шамданады. Төрге шығарсаң, қуанады. Орны жайлы болса, дастарханнан ас-тағамды үзбейді. Тұрмысыңды түзейді, қыз жыласа, наласы қатты болады жолыңды болдырмайды, үйіңнің берекесі кетеді. Қыз келсе қуанып қарсы ал, риза қылып шығарып сал – депті.

Содан бастап Нұхтың үш ұлы қарындасын төрге шығарып, құрмет көрсететін болыпты. Үш ұлынан өрбіген ұрпақ бұл жоралғыны сақтап, берік ұстайды. Қазақ арасында «қызыңды төрге отырғыз», «қызды босағаға отырғызба» «қызыңды құрмет тұтып сыйла, жылатпа» деген талап-ырымдар осыдан шыққан екен. Әйелдеріңіз қыз туды деп ренжімеңіздер, әпке-қарындастарыңызды құрметтеп, көтермелеп көмек етіп отырыңыздар, баласы мен жарына сыйластықпен қарап, реніш-налаңызды іште ұстаңыздар, отбасыларыңыздың берекесі осы қыздарда.

ҒЫЛЫМ/БІЛІМ

# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ, ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ һәм ТҮРКІСТАН

**«TÚRKISTAN» халықаралық газетінің 28 қараша күнгі санында университетіміздің ректоры Б.С.Абдрасиловтың «ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ, ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ ҺӘМ ТҮРКІСТАН» атты мақаласы жарық көрді. Мақалада тарихты тереңінен қозғаған автор Елбасының ерен еңбектерінің арқасында бой көтерген оқу ордамыздың бүгінгі күнінен сөз қозғайды.**

***Мемлекет тізгінін қиын-қыстау кезеңде қолға алған Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев елінің жарқын болашағын басты мұрат етіп, атқарған ерен еңбегі мен дұрыс жүргізген сындарлы саясатының арқасында тәуелсіз қазақ елі алға қадам басты. Нарықтық жүйеге бет бұрып, жекешелендіру жүргізілді, инвестиция тартылып, сырт елдермен өзара сауда қатынастары жүйелі жолға қойылды. Төл теңгеміз қолданысқа еніп, дербес қаржы жүйесі құрылды. Халықтың жұмыс істеуіне жан-жақты қолайлы жағдай жасалды, өндіріс орындары мен жеке кәсіпкерлік қарқынды дамыды.***



Елбасының жыл сайынғы елге жасаған дәстүрлі Жолдауларындағы мемлекеттің әлеуметтік, стра¬тегиялық дамуына негіз болған бағдарламалары жетістіктерге жетеледі. Бұл жұмыстар тәуелсіз елімізде бұрын-соңды болмаған нәтижені көрсетті. Аталған жағдайлар қаржылық дағдарыстарға төтеп беріп, экономикамызды көтеріп, мемлекетімізді биік белестерге жеткізгенін Елбасының терең ойлайтын, болашақты дәлдікпен болжайтын көрегендігі деп білеміз.

Еліміз тәуелсіздік жылдарындағы өтпелі кезеңнің барлық қиыншылығын еңсеріп, елімізді саяси, әлеуметтік, экономикалық дағдарыстарға соқтырмай, ынтымақпен жетістікке қол жеткізген мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының қажырлы еңбегін, дұрыс таңдаған саясатын әлем жұртшылығы да мойын¬дады. Соның арқасында елі¬міз дамыған 50 мемлекеттің құра¬мына еніп, бүгінде экономикасы озық 30 елдің қатарынан көрінуге атсалысып жатыр. Бұл еселі еңбектің басында Елбасымыздың өзі құрып, төрағалық етіп жүрген Nur Otan партиясының да ерекше орны бар.

Қазіргі таңда елдің ертеңіне сенім артқан Елбасының үміті ақталып отыр. Елбасының бастамасымен елорданы Арқаға көшіру еліміздің геосаяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани дамуына жаңа бетбұрыстар әкелгені баршамызға аян. Қысқа мерзім ішінде Еуразия кіндігінде, Есілдің бойында еңселі қала бой көтерді. Тұңғыш Президентіміз негізін қалаған елорда еліміздің еңсесін, халқымыздың рухын асқақтатты.

2017 жылы әлемнің түкпір-түкпірінен халықаралық EXPO-2017 көрмесіне келген миллиондаған қонақтар елордамыздың керемет келбетін, салтанатты сәулетін тамашалады.

Ал киелі Түркістанның түркі әлемінде алатын орны ерекше. Ұлы ойшыл, ұстаз Қожа Ахмет Ясауидей бабамыз, Абылай хан бастаған қазақтың 21 ханы мен бірқатар сұлтаны, елдің аманатын арқалаған билері мен батырлары – ұлтымыз¬дың қаймақтары мәңгілік қоныс тепкен Түркістанның тарихы тым арыда. Барша түркі әлемінің түп қазығы саналған, ер түріктің бесігі атанып, дәуірлеген Түркістан аумалы-төкпелі замандарды да бастан көп өткерді.

Дегенмен бабалар арманы орын¬далып, тәуелсіз ел атандық. Араға ширек ғасыр салып, еліміз ес жиып, әлемдік деңгейдегі жағдайға жеткенімізде енді міне, Елбасы Жарлығымен Түркістан облысы құрылып, оның орталығы болып Түркістан қаласы бекітілді. Біз үшін XX ғасырдың басты жаңалығы – еліміздің тәуелсіз мемлекет атануы мен оның елордасы болып Сарыарқаның төрінен қазіргі Нұр-Сұлтандай тамаша қаланың бой көтеруі болды. Ал XI ғасырдың ең жағымды жақсы жаңалығы деп Түркістанның түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы атанып, жаңа облыс орталығы болғанын айтуға болады.

Осыған орай,

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Түркістанда әлеуметтік нысандарды тұрғызу, тұрғын үй, білім беру және денсаулық сақтау мекемелерін салу, инженерлік инфрақұрылымды дамыту мәселелерін қарастыруды тапсырды. Сондай-ақ болашақта әлемнің барлық елінен түлеген Түркістанды тамашалауға келетіндей етіп миллиондаған туристерге жағдай жасау қажеттігін атап өтті.

Облыс орталығының Түркістанға көшірілуінде үлкен мән бар. Біріншіден, Түркістан ғасырлар бойы Қазақ хандығының астанасы болды. Екіншіден, тоғыз жолдың торабында орналасқан қаланы дамытудың мүмкіндіктері жетерлік. Бұрынғы Ұлы Жібек жолының бойында қоныс тебуінің өзі бұл шаһардың стратегиялық маңызы зор екенін білдіреді. Сол себепті Түркістанды түркі әлемінің рухани әрі мәдени астанасына айналдыру мүмкіндігі мол. Яғни, Түркістан облыс орталығы ғана емес, халықаралық дәрежеде танымал қалаға, түркі әлемінің ғылымы мен мәдениеті және руханиятының ірі орталығына айналады.

Осылайша, мұсылман әлемі қасиетті санаған Түркістанның екінші тынысы ашылып, қазір даму жолына түсті. Мұны ғасырдың ең жағымды жаңалығына санаған

## ҒЫЛЫМ/БІЛІМ

жұрт Елбасының бұл шешімін дер кезінде қолға алынды деп қолдау көрсетуде. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен Түркістанды дамыту мақсатында ел Үкіметі бастап, барша өңірлер мен еліміздің іргелі ірі компаниялары бүгінде қыруар жұмыстарды жүргізіп жатыр. Ендеше, рухани ордамыздың келбеті екі-үш жылда адам танымастай өзгереді.Бүгінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың аталған тарихи бастамасын жалғастыруды қолға алған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Түркістанды дамыту мақсатында қыруар жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Президент ретіндегі алғашқы жұмыс сапарын Түркістаннан бастаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Түркістанды қолдау, жаңғырту, жаңарту, дамыту жұмыстарын ары қарай жалғастыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Осы жерде бір айта кетер жайт, бүгінде мен өзім басқарып отырған университеттің құрылуын Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы қарлығаштарының бірі деп атар едім. Олай дейтінім, бауырлас Қазақстан мен Түркияның тікелей тығыз қарым-қатынасы еліміздің Тәуелсіздігінің жариялануымен қатысты. Баршамызға белгілі, 1991 жылы Тәуелсіздік алған уақытта дербестігімізді алғаш танып, жарты сағаттан кейін құттықтаған Түркия Республикасының сол кездегі президенті Тұрғыт Озал болатын. Экономикалық байланыс, мәдени-гуманитарлық қарым-қатынас орнату мақсатындағы алғашқы қадамдар одан бұрын, яғни Кеңес Одағы ыдырай бастаған уақытта басталған. Түркия үкіметі арнайы делегация жіберіп, саяси-экономикалық жағдайымызбен алдын ала танысып, ішкі дайындық жұмыстарын жүргізгенін атап өтке¬німіз жөн.

Сондай сындарлы саяси шешімнің арқасында алғаш бұл университет Елбасымыз Н.Назарбаевтың тапсырмасымен рухани астанамыз – Түркістан қаласын өркендету мақсатында 1991 жылғы 6 маусымда ҚожаАхмет Ясауи атындағы Түркістан мемлекеттік университеті болып құрылды. Ал «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті етіп қайта құру туралы» келісімге араға жыл салып, яғни 1992 жылғы 31 қазанда Елбасымыздың бастамасымен сол кездегі Түркияның премьер-министрі С.Демирелдің қолдауымен құрылған болатын.

Осылайша, Ахмет Ясауи университеті – түркі тілдес мемлекеттер арасында халықаралық мәртебеге ие болған тұңғыш білім-ғылым ордасы.

